КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 тамыз іс №7119-24-00-2/10089 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
«TechPoshStroiService» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«TechPoshStroiService» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«TechPoshStroiService» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 16.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 08.10.2024